



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

Қордың елдің әл-ауқатына
қосқан үлесі

● Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Корпоративтік әдеп және бизнесті жүргізу

Активтер құнының ұзақ мерзімді өсуін қолдауға және тұрақты дамуға бағытталған біздің қызметіміз стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге көмектесетін қағидаттарға негізделеді. Бұл қағидаттар - жай декларацияланатын құндылықтар емес, Қор мен оның портфельдік компаниялары ішіндегі барлық шешімдер мен процестердің негізі. Біз оларды іс жүзінде көрсете отырып, оларды сақтауда көшбасшы болуға ұмтыламыз.

Біз бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығы қоғам тарапынан, барлық мүдделі тараптардан, соның ішінде жалғыз акционерден, жұмыскерлер мен іскер серіктестерден сенімсіз мүмкін еместігіне сенімдіміз. Сондықтан да корпоративтік этика мен мәдениет мәселелері Қордың басқару жүйесінде орталық орын алады.

Біздің Тәртіп кодексіміз³⁰ корпоративтік мәдениетті дамытуға және Қордың нарықтың ашық әрі адал қатысушысы ретіндегі беделін нығайтуға бағытталған. Оны сақтау – Қорда жұмыс істейтін әрбір жұмыскер мен лауазымды тұлғаның міндеті. Ол сондай-ақ Қормен жұмыс істейтін немесе Қорды білдіретін іскер әріптестерге, өнім берушілерге және басқа үшінші тұлғаларға қолдану үшін ұсынылады. Қордың Тобына кіретін компаниялар Тәртіп кодексін өздерінің комплаенс-тәуекелдеріне мөлшерлес қабылдауға міндетті. Кодекстің сақталуы комплаенс-бағдарламамен қамтамасыз етіледі және Директорлар кеңесі толық қолдайды.

52 **GRI 3-3** Тәртіп кодексі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, этикалық тәртіп, кемсітушілік, деректердің құпиялылығы, мүдделер қақтығысы, заңсыз іс-әрекеттер мен қоршаған орта, денсаулық және қауіпсіздік туралы хабарламалар салаларындағы тәртіптің негізгі қағидаттары мен стандарттарын белгілейді. Тәртіп кодексінде баяндалған тәртіп стандарттары мен қағидаттарын әрбір жұмыскер Қордағы өзінің күнделікті қызметінің басына қояды.

Біз этикалық тәртіп пен бизнесті адал жүргізу қағидаттарын қатаң сақтаймыз. Бұл мынаны білдіреді:


- жалпы қабылданған моральдық және этикалық тәртіп нормаларын ұстану;
- кемсітушілік пен қысымның кез келген нысандарынан бас тарту;
- әріптестеріне құрметпен және әділ қарау;
- мүдделер қақтығысына, лайықсыз сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін алуға тыйым салу;
- қаржылық ақпараттың дәлдігі мен дұрыстығын қамтамасыз ету;
- Қордың активтері мен құпия ақпаратын қорғау;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау.

Біз жеткізушілермен, консультанттармен, іскерлік серіктестермен және өзге де үшінші тұлғалармен заңға толық адалдық, адалдық және тиімділік қағидаттары негізінде жұмыс істейміз. Біз іскер серіктестерге негізсіз артықшылықтар мен басымдықтар бермейміз және олармен өзара пайда негізінде іскерлік қарым-қатынасты қолдаймыз. Біз неғұрлым тиімді бағаға, тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің сапасына және жеткізушінің жақсы іскерлік беделіне басымдық бере отырып, жеткізушілерді ашық таңдаймыз. Біз олардың барлығы біздің Тәртіп кодексінің немесе осыған ұқсас комплаенс-саясаттың ережелерін ұстанады деп күтеміз.

Біз іскер серіктестерді, жеткізушілерді және басқа да мүдделі тараптарды Қордың сайтында негізгі құжаттарды, атап айтқанда, Тәртіп кодексін орналастыру арқылы іскерлік мінез-құлық қағидаттары туралы хабардар етеміз. Барлық мүдделі тараптардың Кодекстің кез келген нақты немесе ықтимал бұзушылықтары туралы Қордың Жедел желісі арқылы хабарлауға мүмкіндігі бар.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ:

Кішіпейілділік (H)




әрбір адамның бірегейлігін құрметтеу,
командалық жұмыстың маңыздылығын
сезіну және табиғи және қаржы
ресурстарын ұтымды пайдалану

Адалдық (I)



пайда болған кезде де дербес
жауапкершілік, әділдік,
міндеттемелерді сақтау және әдепсіз
іс-әрекеттерден бас тарту

Ашықтық (T)



кері байланыстың ашықтығы,
есептілігі, дұрыстығы,
қолжетімділігі және қабылданатын
шешімдерді түсіндіру

³⁰ Тәртіп кодексін Директорлар кеңесі бекітті. GRI 3-3